

Аңдатпа

Осы дипломдық жобада ілеспе мұнай газын ұтымды және табиғи қоршаған ортаға зиян келтірмей пайдалану тәсілдері қарастырылған. Бірқатар мұнай мен ілеспе газды өндіруге қатысты мәселелер қаралды.

Қазақстан Республикасында көмірсутегі шикізатын өндірудің ерекшеліктері мен негізгі әдістері сипатталған. Атмосфераға отын ретінде ілеспе газды әртүрлі бөліп пайдалану арқылы ластаушы заттар шығарындыларын есептеу жүргізілді. Мұнай газын пайдаланудың ең үнемді тәсілдері зерттелді және оны алау қондырғысында жақпай мұнай жылыту пештермен газ поршенді қондырғыларының энергия көзі ретінде пайдалану ұсынылды.

Экономика бөлімінде атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын тастау үшін төлемдер және пайдаланылған техникалық жабдықтардың өтелу мерзімі есептелді.

«Өміртіршілік қауіпсіздігі» бөлімінде мұнай кен орнының қасында орналасқан ғимарат жұмысшыларының эвакуация уақыты анықталады.